

**ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
В ПРОСПЕКТ ТРЕТЬЕГО ВЫПУСКА  
ИПОТЕЧНЫХ ОБЛИГАЦИЙ  
В ПРЕДЕЛАХ ПЕРВОЙ  
ОБЛИГАЦИОННОЙ ПРОГРАММЫ  
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ДОЧЕРНЯЯ  
ИПОТЕЧНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ АКЦИОНЕРНОГО  
ОБЩЕСТВА «БТА БАНК» «БТА ИПОТЕКА»  
(АО «ИПОТЕЧНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ «БТА ИПОТЕКА»)**

Алматы, 2009 год



**«БТА БАНК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЕНШІЛЕС ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМЫ «БТА ИПОТЕКА»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
(«ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМ «БТА ИПОТЕКА»АҚ)  
БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ  
ШЕГІНДЕГІ ИПОТЕКАЛЫҚ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ  
ҮШІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТИСІНЕ  
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

Алматы, 2009 жыл

2005 жылы «20» сәуірде тіркелген «БТА Ипотека» Акционерлік қоғамының Үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі ипотекалық облигациялардың бірінші шығарылым Проспектісіне (бұдан былай – Проспект) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Проспект атауы келесі редакцияда жазылсын:

«БТА БАНК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЕНШІЛЕС ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМЫ «БТА ИПОТЕКА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ («ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМ «БТА ИПОТЕКА» АҚ) БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕГІНДЕГІ ИПОТЕКАЛЫҚ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ ҮШІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТІ».

2. Проспектінің бірінші абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«Осы облигациялар шығарылымы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 2004 жылы «30» қыркүйекте В33 нөмірімен тіркеген «БТА Банк» акционерлік қоғамының еншілес ипотекалық ұйымы «БТА Ипотека» Акционерлік қоғамының («Ипотекалық ұйым «БТА Ипотека» АҚ) үшінші облигациялық бағдарламасының проспектіне сәйкес жүзеге асырылады.».

3. Проспектінің 5) тармағы келесі абзацпен толықтырылсын:

«Облигациялардың айналу мерзімі ішінде Эмитенттің айналыстағы облигацияларды әрі қарай сату мақсатында толық немесе ішінара қайтара сатып алуға құқығы бар. Облигацияларды әрі қарай сату мақсатында қайтара сатып алу тәртібі: ұйымдастырылған нарықта брокерге бағалы қағаздар нарығында сатып алу-сату мәмілесін жасауға тапсырыс беру жолымен жүзеге асырылады. Ұйымдастырылмаған нарықта облигацияларды сатып алу-сату шартын жасау жолымен жүзеге асырылады. Облигацияларды әрі қарай сату мақсатында қайтара сатып алу мерзімдері: облигацияларды қайтара сатып алу облигацияларды айналу мерзімі бойы жүргізіледі. Облигацияларды әрі қарай сату мақсатында қайтара сатып алу шарттары: облигацияларды ұйымдастырылған нарықта қайтара сатып алу қайтара сатып алу сәтінде нарықта қалыптасқан баға бойынша жүргізіледі. Ұйымдастырылмаған нарықта қайтара сатып алу тараптардың келісімімен белгіленген баға бойынша жүзеге асырылады. Қайтара сатып алынған облигациялар бойынша купондық сыйақы есептелмейді және төленбейді.»

4. Проспектінің 6) тармағындағы «Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу қарастырылмаған» мәтіні «Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу қарастырылмаған» мәтінімен ауыстырылсын.

5. Проспектінің соңғы абзацы келесі редакцияда жазылсын:

«Облигациялар ұстаушылардың тізілімін құруды, жүргізуді және сақтауды тіркеуші «Бірінші тәуелсіз тіркеуші» АҚ жүзеге асырады, мекен-жайы: Алматы қ, Карибжанов к.,22, телефоны: (727) 271-78-49. Тіркеуші Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 2005 жылы «08» сәуірде бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу қызметімен айналысуға берген №0406200360 лицензиясы және 2007 жылы «07» қарашада Эмитентпен жасалған №182 Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізу жөніндегі шартына сәйкес қызмет атқарады.».

Президент

Бас бухгалтер



Кусайнов С.А.

Кожанбаева Г.Н.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫН  
РЕТТЕУ МЕН ҚАДАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТІГІ



Бүгінгі таңда  
Қаржы нарығын

"Қазақстан Республикасының Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі"  
ТІРКЕДІ  
2009 ж. "08" маусым